



САҒЫНЫШ

Өскеменде оралман ағайындардың I өнер фестивалі өтті

Әлібек ҚАҢТАРБАЕВ

Кез келген саланың басында білгір де білікті, сол саланы жан-жақты зерттеп, ой-шоқалағынан түйін жасаған адам жүрсе – істің оңалғаны. Жақсылық та, жаңалық та, ең аяғы сол саланың өркендеуі де содан бастау алады.

Міне, жуырда Өскеменде өткен оралман ағайындардың «Қазақстан - ата жұртым аңсаған» атты I өнер фестиваліне көрермен ретінде қатынасқан біз ШҚ облысы бойынша көші-қон комитеті департаментінің директоры Дүйсенбай Мағзұмұлы Селиханов жайлы осындай ой түйдік.

Сағыныш... Сөзімдердің патшасы екендігі рас. Оның жер басып жүрген әр пенденің жүрегінің жықпылында, көңілінің көмкеруінде болатыны – тағы да шындық. Десек те жан жүрегіңді сағыздай илейтін нағыз сағыныш сазын біз осы фестиваль барысында естідік...

- Фестиваль өткізу бастамасын біз көтердік. Оны облыс әкімі Әділғазы Сәдуақасұлы Бергенев қызу қолдады.

Жалпы, облысымызда 35 мың адамды қамтитын оралман ағайындардың сегіз мың жанұясы тұрады. Көпшілігі Қытайдан, Монголиядан қоныс аударғандар. Еуропадан немесе ТМД елдерінен келгендерден бұл екі мемлекеттен оралған ағайындардың басты ерекшелігі сонда, олар қазақи салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты, өнерді табиғи күйінде сақтай білген. Әрине, бұл жерде мен салыстырмалы түрде айтып отырмын. Сондықтан осы фестивалды өткізу арқылы біз жоғарыда айтып өткен қазақи өнерді насихаттағымыз келді. Сонымен бірге облысымыздың түкпір-түкпірінде тарыдай шашылып жүрген оралман ағайындар бір-бірін көрсін, таныссын деген ниетте

де болдық, - деді Дүйсенбай Мағзұмұлы.

Жат ел, жат босағадан облысымызға, шындығын айтқанда, атамекеніне оралған ағайындарымыздың көп мәселелерде жоғарыға, тіпті кім көрінгеннің аузына жалтақтайтындары рас. Бір ауыз жылы сөздің өзіне зәру жандардың талап-тілектері де шектеулі: бір баспана, болса - жұмыс, өйтпесе қол-аяғы саулары өз күндерін өздері көріп, өз қотырларын өздері жалап жазып кете алады. Атамекен демекші...

Ол да шартты ұғым. Мәселен, қазіргі ҚХР-дың құрамындағы Шыңжаң өлкесі қазақтарының басым бөлігі жеті атасынан бері сол жерді жайлап, суын сулап келеді. Оларды негізгі қазақ жұртынан айырып тастаған тек 1876 жылғы Ресей мен Қытай арасына түскен шекара сызығы ғана...

Фестиваль өзінің атына сай, өте жақсы ұйымдастырылған екен. Департамент басшылығы әр ауданда көші-қон бөлімдерін ашыпты. Ондағы ойлары – алыстан ат арытып, тоны тозып келген ағайындар ұсақ-түйек мәселелері үшін облыс орталығы Өскеменге сабылмасын деген ізгі ниеттен туған көрінеді. Сонымен

бірге облыста осы көші-қон мәселелерін реттеп отыратын үйлестіру кеңесі құрылған. Оның құрамына ағайындарымыздың көбірек қоныстанған жеті ауданы әкімінің орынбасарлары кіріпті. Аудан деңгейінде шешімін таба алмайтын күрделі шаруалар сол кеңестің мойнында. Құптарлық шара екен.

Фестиваль өткен күннің бірінші жартысында сол кеңестің отырысы болды. Ал, тұс ауа Өскемендегі Достық үйінде өнер бәсекесі басталып берді. Облыс әкімінің орынбасары Аманкелді Төженов мырза облыс әкімі Бергенев Әділғазы Сәдуақасұлының фестивалға қатысушыларға жолдаған құттықтау сөлемін жеткізді. Әкім облысымызда алғаш өтіп, тұсауы кесіліп жатқан «Қазақстан - ата жұртым аңсаған» атты фестивалға ақжол тілеп, оралман ағайындарға ризашылығын білдіріпті.

Достық үйінің астыңғы қабатындағы көрме залы көздің жауын алады. Кірген адамның, көз тоқтатып зерделеген адамның қазақ деген халықтың қолөнеріне таң-тамаша қалмасқа лахы жоқ. Әр ауданның көрмесі бір-бірінен өтеді, нағыз бәсеке осында екен. Орал-

мандардың мыңнан астам жанұясы қоныстанған Зайсан өңірінің көрмесі ерекше: киіз үй жабдықтары, ат әбзелдері, ас үй жиһаздары дейсіз бе, бәрі осында. Киіз, алаша, сыр-мақ, бөстек, ет-тұрмандардағы ою-өрнектер мың сан түске боялып, жарқ-жүрқ етеді, біз қазақ деген аса кірпияз, өнерлі халықтың қолынан шыққанбыз дегенді айшықтайтындай. Тіпті, оралмандар бертіндері барып қоныстана бастаған Бородулиха, Шемонаиха аудандары да көрмеге құралақан келмеген.

Фестиваль соңы өн-жырға, мың бұралған би мен сай-сүйегінде сырқаратар, тарих иірімдеріне шым-шымдап бойлатар күйлерге ұласты. Шіркін, анау Бородулихадан келген Қажымұқан ініміздің, Зайсаннан келген Түсіпхан Қайсар атты жеткіншектің, ШҚМУ-да оқитын Шолпан Рысхан қызымыздың салған өндері-ай, Азатбек пен Бейісхан сынды жігіттердің күй сайысы-ай! Мейлі өнін, мейлі термесін, мейлі күйлерін тыңдаңыз, бәрібір, барлығы да сағынышты айтады, сағынышты шертеді. Атамекенге, қазақтың кіндік жұртына келді дегені болмаса, жалаңақ жар көшкен балауса балалығы мен желбір жастығы қалған

өнеу, шекара сызығының арғы бетіндегі дарға күндерін аңсамайды дейсіз бе?!

Фестивальды қорытындылаған облыс әкімінің орынбасары Аманкелді Ыдырысұлы:

- Қаймағына сызат түспеген табиғи қолөнер де, ән-жыр да оралман ағайындарымызда екен. Дәл осындай биік деңгейде өтеді деп ойлаған да жоқ едік. Мынау бастамасы ғой, келер фестивальды кең де үлкен шаңырақта өткізуге тырысамыз. Сіздер атамекенге бір тілек, бір мақсатты бағдаршам етіп келіпсіздер, ол – Қазақстанның ертеңгі жарқын болашағына жұмыла үлес қосу. Сол сапарда сіздерге тек жақсылықтар мен сәттіліктер тілеймін! – деп ағынан жарылды.

Фестивальға қатысушы аудандарға, жеке өнерпаздарға сый-сыяпаттар жасалды, мақтау қағаздары табысталды. Сонымен республикамызда алғашқылардың бірі болып өткізілген оралмандар фестивалі өз мәресіне жетті, тың идеяларға мұрындық болды.

СУРЕТТЕ: фестивалдың тұсауы кесілуде.

Суретті түсірген
F. СӘБИТОВ.